

Облыстарды мұнай өндіру және мұнай өндеу кәсіпорындарына бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 8 ақпан N 60

1996 жылы ауыл шаруашылығы жұмыстарын дер кезінде өткізу және селолық тауар өндірушілерді мұнай өнімдерін, ал мұнай өндіру және мұнай өндеу кәсіпорындарын ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету жөнінде қалыптасқан байланыстарды одан әрі дамыту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің "Мұнайгаз" мемлекеттік холдингтік компаниясының мұнай өндіру және мұнай өндеу кәсіпорындарына облыстардың шаруашылық жүргізуші субъектілері қосымшага сәйкес бекітіп берілсін.

2. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі өзара тиімді жағдайда мұнай өнімдері мен ауыл шаруашылығы өнімдерін беруге селолық тауар өндірушілер мен "Мұнайгаз" компаниясының кәсіпорындары арасында шарттар жасау мәселесіне жәрдемдесетін болсын. Бұл орайда, түсті мұнай өнімдеріне бағалар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру процентін ескере отырып, жөнелту сәтіндегі бағалардан, ал астыққа - төлем жасау сәтіндегі Қазақстанның халықаралық агронеркәсіп биржасында қалыптасқан баға бойынша құралады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі белгілентген тәртіппен шаруашылық жүргізуші субъектілердің өтінімдері бойынша жасалған шарттарға сәйкес мұнай өнімдерін жеткізуді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 8 ақпандагы
N 60 өкіміне
қосымша

1996 жылы мұнай өнімдері мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара беруге "Мұнайгаз" мемлекеттік холдингтік компаниясының

мұнай өндіру және мұнай өндеу кәсіпорындарына облыстарды
бекітіп беру

Облыстардың атауы | "Мұнайгаз" мемлекеттік холдингтік
| компаниясының кәсіпорындары

Ақмола "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
 "Актюбинскнефть" АҚ
 "Ембімұнайгаз" АҚ

Ақтөбе "Актюбинскнефть" АҚ
 "Теңізмұнайгаз" АҚ
 "Ембімұнайгаз" АҚ

Алматы "Өзенмұнайгаз" АҚ

Атырау "Теңізмұнайгаз" АҚ
 "Ембімұнайгаз" АҚ

Шығыс Қазақстан "Актюбинскнефть" АҚ
 "Павлодар МӘЗ" АҚ

Жамбыл "Ембімұнайгаз" АҚ

Жезқазған "Южнефтегаз"

Батыс Қазақстан "Атырау МӘЗ" АҚ

Қарағанды "Актюбинскнефть" АҚ
 "Өзенмұнайгаз" АҚ
 "Ембімұнайгаз" АҚ

Қызылорда "Южнефтегаз" АҚ

Көкшетау "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
 "Теңізмұнайгаз" АҚ
 "Ембімұнайгаз" АҚ

Қостанай "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
"Ембімұнайгаз" АҚ

Павлодар "Павлодар МӨЗ" АҚ

Солтүстік Қазақстан "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
"Ембімұнайгаз" АҚ
"Атырау МӨЗ" АҚ

Семей "Өзенмұнайгаз" АҚ

Талдықорған "Теңізмұнайгаз" АҚ
"Ембімұнайгаз" АҚ

Торғай "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
"Өзенмұнайгаз" АҚ
"Ембімұнайгаз" АҚ

Оңтүстік Қазақстан "Южнефтегаз" АҚ